



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 1 беті

**Кафедра «Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология»**

**Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)**

**Білім беру бағдарламасы 6В10106 «Фармация»**

<b>1.</b>	<b>Пән туралы жалпы мағлұмат</b>		
1.1	Пән коды: DZTP 3303	1.6	Оқужылы: 2023-2024
1.2	Пәннің атауы: Дәрілік заттарды тиімді қолдану	1.7	Курс: 3 (тездетілген)
1.3	Реквизитке дейінгі: фармакология, фармакотерапия	1.8	Семестр: 6
1.4	Реквизиттен кейінгі: фармакокинетика, Магистратура фармация мамандығы бойынша.	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 5
1.5	Цикл: КП	1.10	Компонент: ТК
<b>2.</b>	<b>Пәннің сипаттамасы (150 сөзден аспау қажет)</b>		
<p>Дәрілік құралдардың жанама әсерлерінің дамуының болу қаупін болжау, жанама әсерлер пайда болғанда, олардың алдын-алу және түзету әдістері, диагностикалаудың және емдеудің клиникалық хаттамаларын қолдану. Сапалы клиникалық тәжірибенің ережелеріне сай (GCP) жаңа дәрілік құралдарды үйрету. Медициналық құжаттарды Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау облысындағы заңнама бойынша білімге сүйеніп жүргізу. Аналогтық алмастырудың формулярлық тізімін, емдеу мекемесінің формулярын өңдеу. Дәрілік құралдардың тағайындалуының әр түрлі емдеу және профилактикалық режимдерінің бағасына фармакоэкономикалық зерттеулер жүргізу.</p>			
<b>Жиынтық бағалау түрі</b>			
<b>3.</b>	<b>Жиынтық бағалау түрі</b>		
3.1	✓ Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚТЕ	3.8	Басқа (көрсету)
<b>4.</b>	<b>Пәннің мақсаттары</b>		
Өртүрлі ауруларда дәрілерді тиімді пайдаланудың әдістемелерін үйрету.			
<b>5.</b>	<b>Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)</b>		
1ОН	<b>Білімі мен түсінігі</b> Адам ағзасының патологиялық және физиологиялық параметрлеріне байланысты дәрілік заттарды мөлшерлеудің негізгі принциптері бойынша білімін көрсетеді		
2ОН	<b>Коммуникативтік дағдылар</b> Пациенттің физиологиялық және патологиялық бейінін ескере отырып, дербестендірілген ұтымды фармакотерапия мәселелері бойынша медицина қызметкерлеріне консультациялық көмек көрсетеді		
3ОН	<b>Білім мен түсінікті қолдану</b> Денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярын әзірлейді		
4ОН	<b>Білім мен түсінікті қолдану</b> Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың пайдаланылуына бағалау жүргізеді (ABC, VEN талдаулары, қажеттілікті талдау).		
5ОН	<b>Тұжырымды қалыптастыру</b> Дәлелдерді тұжырымдайды және дәлелді медицина негіздерімен дәрілік заттарды		



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 2 беті

	ұтымды пайдалану саласындағы проблемаларды шешеді, дәрілік заттардың ықтимал өзара іс-қимылын бағалайды.					
6ОН	<b>Оқуға қабілеттілік</b> Дәрі-дәрмектер туралы деректерге дәлелді медицина базасында іздеу жасайды және интерпретациялайды					
5.1	ПәнніңОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері				
	1ОН, 2ОН	1ОНДенсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы ҚР заңнамаларына және тиісті фармацевтикалық іс-тәжірибелеріне (GCP) сәйкес фармацевтика саласының дамуының қазіргі заманғы үрдісі турлы кәсіби білімін және түсінігін көрсете алады.				
	2 ОН,3ОН	2 ОНДәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сақтау барысында бақылауды жүргізу дағдыларын көрсете алады				
	5 ОН	3ОН Тұрғындарды сапалы, тиімді және қауіпсіз дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады				
	4ОН	9ОН Дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды тиімді қолдану мәселелері бойынша тұрғындарға және мамандарға кеңестік көмектер бере алады				
	2 ОН, 3 ОН	11 ОНКәсіби және жеке тұлға ретінде дамуы және кәсіби міндеттерді тиімді атқару үшін қажетті ақпараттарды пайдалана біледі				
<b>6.</b>	<b>Пән туралы толық ақпарат</b>					
6.1	Өткізурны (ғимарат, аудитория): Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы, Аль-Фараби алаңы 1, 4-ші қабат аудитория № 401,402,403. Телефон (АТС) 40-82-06, ішкі 227					
6.2	Сағаттарының саны	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт.саба қ	БӨЖ	ОБӨЖ
		10	40	-	70	30
<b>7.</b>	<b>Оқытушылар туралы мәліметтер</b>					
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі	Ғылыми қызығушылықтары және т. б..	Жетістіктері	
1	Орманов Н.Ж.	М.ғ.д Кафедра профессоры	ormanov48n@mail.ru	«Әлеуметтік маңызды аурулардың емі және алдын алуы үшін арналған фитопрепараттарды дайындау және енгізу»	ҚР Денсаулық сақтау ісінің озаты. 190 ғылыми жұмыстарының авторы, оқу құралдарының дәрістердің авторы	
2	Токсанбаева Жанат	фарм.ғ.к.,қ ауымдаст.п	zhanat_2701@mail.ru	«Фармакогностическое и	130 ғылыми жұмыстарының	

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 3 беті

	Садебековна	профессор Кафедра менгеруші сі		фитохимическое изучение лекарственных растений флоры Казахстан»	авторы, оқу құралдарының дәрістердің авторы
3	Ибрагимова Айгуль Гаффаровна	доцент м.а, ф.ғ.к.	aygul_ibr@ mail.ru	Проблемы рационального использования лекарственных средств: эффективная и безопасная фармакотерапия, фармакоэпидемиол огические, фармакоэкономиче ские, фармакогенетическ ие аспекты. Персонафицирован ная терапия. Разработка фитопрепаратов и эффективная фитотерапия различных заболеваний»	20-ға жуық ғылыми еңбектері бар, бірнеше оқу құралдардың, әдістемелік нұсқаулардың авторы
4	Абуова Гульнара Турганбаевна	доцент м.а, б.ғ.к.	abuova@m ail.ru.	«Фармакоэкономи ческие подходы к оптимизации терапии острых респираторных инфекций в амбулаторных условиях	20-ға жуық ғылыми еңбектері бар, бірнеше оқу құралдардың, әдістемелік нұсқаулардың авторы
5	Корганбаева Зауре Сарыбаевна	доцент м.а, б.ғ.к.	Korganbaev a055@ mail.ru	«Қорғасынмен уыттану кезінде қан және бауырдың зақымдануына мия тамырынан алынған фитопрепараттар дың протектор лық әсерін негіздеу».	20-ға жуық ғылыми еңбектері бар, бірнеше оқу құралдардың, әдістемелік нұсқаулардың авторы

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 4 беті

6	Сырманова Нұргүл Рахмановна	аға оқытушы, мед.ғыл. магистрі	<a href="mailto:n_rakchman@mail.ru">n_rakchman@mail.ru</a>	«Таспа туысы өсімдіктерінен бөлініп алынған экстракттардың спецификалық белсенділіктерін зерттеу»	20-ға жуық ғылыми еңбектері бар, бірнеше оқу құралдардың, әдістемелік нұсқаулардың авторы	
<b>8. Тақырыптық жоспар</b>						
Апта/күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясы-ның формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	Дәріс. Тиімді фармакотерапияның негізгі мәселелері	Дәрілерді тағайындаудың ұстанымдарын (бағыт) жолға қойып отыратын мемлекеттік ведомство-аралық орган болуы. Клиникалық жетекшілікті пайдалану. Ең жақсы емдеудің қалып үлгілері (стандарттары) негізінде құрылған қажет дәрілердің тізімін қолдану. Региондар мен ауруханалардағы дәрілік және терапевтикалық комитеттердің эффективті жұмысы және ұйымдастыруы. Жоғарғы оқу орындарында студенттерге фармакотерапия пәнін мәселелік бағыттық әдіспен оқыту. Дипломнан кейінгі медициналық білім - медициналық	ОН 1,2,5	1	Шолу	Кері байланыс Feedback



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 5 беті

		<p>қызметкерлерді лицензия-лау/ аттестациялау үшін негізгі талаптар.</p> <p>Дәрілерді пайдалануды бақылауда қайтымды бай-ланысты қамтамасыз ету, аудит және жүргізу.</p> <p>Дәрілер туралы тәуелсіз ақпарат.</p> <p>Халықты дәрілер туралы толық, ақиқат ақпаратпен қамту және оқыту. Жеке бас қаржылық – қызығушылықтың орын алуына жол бермеу.</p> <p>Дәрілерді пайдаланудың дәлдігін реттеу.</p> <p>Мемлекет тарапынан дәрілерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін қаржыландыру, медициналық персоналды дайындау және оның эффективті жұмысын қамтамасыз ету.</p>				
Тәжірибелік сабақ.	Ауру тарихындағы тағайындалған дәрілерді негіздеу.	<p>Фармакокинетиканың және фармакодинамиканың әсер ету механизмінің және дозалау режимінің ерекшеліктері. Дәрілерді тағайындаудың критерилері.</p> <p>Дозалау режимін таңдау.</p> <p>Жасқа байланысты және жынысына байланысты факторлар. Қолданылған дәрілердің клиникалық эффективтілігі мен қауіпсіздігіне әсер ететін ілеспе аурулар және физиологиялық жағдайы.</p> <p>“Дәрілік анамнез” түсінігі.</p> <p>Медицинадағы және</p>	ОН 1, 3, 4	3	Кіші топтар да жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1 беттің 6 беті

		фармациядағы этика мендеонтология. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 389 бұйрығы				
	ОБӨЖ. 1. Кардиологияда қолданылатын дәрілерді тиімді пайдалану. Кардиотоникалық, антиаритмиялық, антиангиналық, мүшелер мен ұлпалардың қан айналымын жақсартатын дәрілерді қолдану тәсілі. 2. Кардиологияда қолданылатын дәрілерді тиімді пайдалану. Гипотензивтік, гиполипидемиялық дәрілерді, қанның реологиялық қасиеттеріне	1. Гликозидтік және бейгликозидтік инотропты дәрілердің фармакодинамикасының және фармакокинетикасының ерекшеліктері. Жүрек гликозидтерінің гемодинамикаға әсері. Жүрек гликозидтерін тағайындауындағы қарсы көрсеткіштері. Жүрек гликозидтерімен улану, емі. Жүрек гликозидтерінің басқа топ препараттарымен өзара әсерлесуі. Антиаритмиялық құралдардың фармакокинетикалық және фармакодинамикалық ерекшеліктері. Антиаритмиялық дәрілерді дозалау режимі. Антиаритмиялық құралдардың қиыстырылып тағайындалуы. Аритмия еміне жалпы көзқарас. Жүрек жетімсіздігінің негізгі клиникалық	ОН 1, 3, 6	8	Презентация қорғау	Презентация



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 7 беті

	<p>әсер ететін дәрілерді қолдану тәсілі.</p>	<p>байқалулары. Жүректің ишемия ауруының жіктелуі. Этиологиясы. Стенокардия, миокард инфарктысы. Клиникасы, ағымы, аспапты диагностиканың әдістері. Жүректің ишемия ауруының фармакотерапиясының принциптері. Антиангиналдық дәрілер: нитраттар, бета-адреноблокаторлар, кальций антагонистері, тәж белсенді препараттар т.б.</p> <p>2. Гипертониялық ауру, симптоматикалық гипертония. Этиология. Симптомдар, ағымы. АГ, фармакотерапия принциптері. Антигипертензивті дәрілер. Гипертониялық криздің фармакотерапиясы. Әсер ету механизмі. Көрсеткіштері. Симптоматикалық гипертониямен қарт жастағы фармакотерапияның ерекшеліктері. Тромбқа қарсы дәрілер. Антиагреганттар. Әсер ету механизмі. Фармакодина-микасы. Фармакокинети-касы. Қолдану көрсет-кіштері. Қолдануға қарама қарсы көрсеткіштері. Антикоагулянттар. Антифибринолитикалық дәрілер. Әсер ету механизмі. Фармакодина-миаксы мен фармакокинети-касының ерекшеліктері. Басқа</p>				
--	--	---	--	--	--	--

		<p>дәрілермен әсерлесуі. Жергілікті гемостатиктер. Қолдану ерекшеліктері. Фибринол издің ингибиторлары. Әсер ету механизмі. Атеросклероз. Заманауи дәрілік препараттар-липидтік алмасуды түзетуде қолданылуы. Гиполипидемиялық дәрілердің салыстырмалы сипаттамасы. Атеросклерозға қарсы емді сәйкес тағайындауға мүмкіндік беретін клинико-жабдықтық және биохимиялық зерттеулердің әдістері. Гиперлипидемияның түрлері. Гиперлипидемияның түрлеріне байланысты гиполипидемиялық</p>				
2	<p>Дәріс. Дәлелді медицина негіздері. Дәрілік заттардың айғақты базасы</p>	<p>Дәлелді медицина негіздері. Дәрілік заттардың айғақты базасы. Дәлелді медицина - пациенттің белгілі бір емін таңдау үшін үздік клиникалық сынақтардың нәтижелерін қолдану Қазіргі фармацевтикалық нарықтағы көптеген дәрілер белгілі бір ауруға және тіпті нақты науқасқа оңтайлы препаратты таңдау мәселесін тудырады.</p>	ОН 1,2,5	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	<p>Тәжірибелік сабақ. Дәрілік заттардың клиникалық зерттеу</p>	<p>Дәрілік заттардың клиникалық зерттеу түрлері. Дәрілік заттардың клиникалық зерттеудегі этикалық қағидалар.</p>	ОН 1, 4, 6	3	Кіші топтарда жұмыс	





Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 9 беті

	ОБӨЖ. Шұғыл жағдайларда дәрілік заттарды тиімді пайдалану	Шұғыл жағдайларды емдеудің жалпы талаптары. Шұғыл жағдайларды емдеу. Емдеудің тиімділігін бақылау. Науқастарды емдеуде кезеңділікті сақтау. Науқастың жағдайын бағалау	ОН 1,3,4	5	Презентация қорғау	Презентация
3	Тәжірибелік сабақ. Дәрілердің әсерін болжаудың жалпы ұстанымдары.	Фармакодинамиканың клиникалық аспектілері. Фармакокинетиканың клиникалық аспектілері. Терапевттік эффектiнiң басталуы. Терапевттік эффектiнiң максимумы Препаратты доғару мүмкiндiгiнiң критерилері Болуы мүмкiн жанама әсерлердi болжау әдiстері Болуы мүмкiн дәрілердiң өзара әсерлесуiнiң болжау әдiстері.	ОН 1, 4, 6	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепты шешу.
	ОБӨЖ. Тыныс алу мүшелерінің ауруларында дәрілерді тиімді пайдалану. Тынысты қуаттандыратын, жөтелге қарсы, қақырық айдайтын дәрілерді қолдану тәсілі.	Тыныс алу жүйесі және оның функциясының бұзылуы. Жедел респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау. Этиологиясы. Клиникасы, ағымы. Фармакотерапиясының ұстанымдары. Бронхиттер, пневмониялар. Этиологиясы. Клиникасы, ағымы. Емдеудің жалпы ұстанымдары.	ОН 1,3,4	5	Презентация қорғау	Презентация
4	Дәріс. Арнайы интернет-ресурстарда медициналық ақпаратты және денсаулық	Ақпаратты іздеу мәселесі тек Қазақстан Республикасында ғана емес, бүкіл әлемде «ақпараттық қоғам» ғылыми зерттеушісінің қызметіне қатысты.	ОН 1,2,5	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары

	туралы ақпаратты іздеу	Осылайша, медициналық ақпарат көздеріндегі ақпараттық іздеу дағдыларын меңгеру, іздеу нәтижелерін дұрыс бағалау мүмкіндігі клиникалық фармакологтарға, медициналық ұйымдардың формулярлық комиссия мүшелеріне, сарапшыларға ғана емес, тәжірибелі дәрігерге де катысты.				
	Тәжірибелік сабақ. Мөлшерлеудің режимін таңдаудың жалпы кадамдары.	Дозаның түрлері. «Терапевтік әсерінің кендігі» түсінігі. Дозадан әсердің тәуелділігі. «Терапевтік концентрация» түсінігі. Дозалауда номограммаларды қолдану. Балалар үшін дәрі-лердің дозасын есептеуге арналған эмпирикалық формулалар. Препаратты қолдану жиілігі. Препаратты қабылдау уақыты.	ОН 1, 4, 6	3	Кіші топтар да жұмыс	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепты шешу.
	ОБӨЖ. Тыныс алу мүшелерінің ауруларында дәрілерді тиімді пайдалану. Бронхоспазмда қолданылатын дәрілерді пайдалану тәсілі.	Бронх демікпесі (инфекциялық - аллергиялық, атониялық). Этиологиясы, симптомы. Ағымы. Фармакотерапия принциптері. Бронх обструкциясында қолданылатын дәрілердің клиникалық фармакологиясы. Бронхолитикалық препараттар. Фармакодинамикасы және	ОН 1,3,4	5	Презентация корғау	Презентация



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 11 беті

		фармакокинетикасы. Енгізу жол-дары, таралуы, шығарылуы. Әсерінің ұзақтығы. Жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан ілеспелі патология кезінде дәрілерді тағайындау ерекшеліктері. Қолдану көрсеткіштері: созылмалы обструктивті бронхиттер, бронх демікпесі, бронхо-обструктивті синдроммен асқынған пневмониялар. Эфективтілігін бақылау әдістері. Басқа дәрілермен әсерлесуі. Клиникалық көріністері. Емдеуі және алдын-алуы.				
5	Дәріс. «Өмір сапасы» түсінігі. Өмір сапасын анықтайтын негізгі факторлар	“Өмір сапасы” түсінігі. Өмір сапасын анықтайтын негізгі факторлар.	ОН 1, 3, 4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Дәрілердің жанама әсерлерін болжау-дың және олардың пайда болуының механизмдері. Науқаста пайда бол-ған жанама әсерлер-дің клиникалық түрлері.	Өрістеуі мүмкін жанама әсерлерді болжамдау әдістері. Дәрілердің жанама әсерлерін анықтау әдістері. Жанама әсерлердің алдын-алу әдістері. Жанама әсерді түзету әдістері. Науқастағы жанама әсерлердің клиника-лық түрлері: фармакодинами-калық, уытты, аллергиялық, көрінісінің ауырлығына байланысты, мүшелер мен жүйелерді зақымдау сипатына байланысты.	ОН 1, 4, 6	3	Кіші топтар да жұмыс,	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепты шешу.
	ОБӨЖ. 1.	1. Ревматоидты артрит. Этиологиясы, патогенезі.	ОН 1,3,4	8	Презентация	Презентация



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 12 беті

	<p>Ревматикалық ауруларында қолданылатын дәрілерді тиімді пайдалану. Қабынуға қарсы дәрілерді тиімді пайдалану.</p> <p>2. Терапиядағы ауырсынуларда дәрілік заттарды тиімді пайдалану. Анальгетиктерді қолдану тактикасы</p>	<p>Фармакотерапияның ұстанымдары. Қабынуға қарсы дәрілер. Базисті терапия үшін қолданылатын препараттар және цитостатик – иммуно-депрессанттар. Деформациялаушы остеоартроз. Остеорартроздың клиникалық түрлері. Деформациялаушы остеоартроздың фармакотерапиясының ұстанымдары. Базистік терапия үшін, ауырсыну синдромын жою үшін қолданылатын дәрілер. Буын шеміршегінің мета-болизмін жақсартатын дәрілер (румалон, мукартрин).</p> <p>2. Ауырсынуларды медикаментозды емдеудің жалпы қағидалары. Жедел және созылмалы ауырсынуларда анальгетикалық дәрілік заттарды қолдану қағидалары. Емдеу әдісінің артықшылықтары мен қарсы көрсетілімдері. Опиоидты емес анальгетиктер. Опиоидты анальгетиктер. Қиыстырылған анальгетиктер.</p>			қорғау	
6	<p>Тәжірибелік сабақ. Дәрілердің жанама әсерлерін бақылау және тіркеу әдістері</p>	<p>Дәрілердің жанама әсерлерін ерте анықтау мақсатында дәрінің әсеріне бақылау жүргізу алгоритмін құру. Дәрілердің жанама әсерлерінің тіркеу жүйесі.</p>	ОН 1, 4, 6	2	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепты шешу.



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 13 беті

		Бақылау әдістері: эпизодтық, ерікті ұйымдық хабарлау. Ретроспективті және проспективті зерттеу әдістері, популяциялық санак. Тіркеудің барлық көздерінен алынған ақпаратты жалпылау.				
	ОБӨЖ. Ревматикалық ауруларында қолданылатын дәрілерді тиімді пайдалану. Иммунитет үрдістерін түзететін дәрілер.	Иммунотропты дәрілер. Қолдану көрсеткіштері. Эффективтілігін бақылау әдістері. Басқа дәрілермен әсерлесуі. Жанама әсерлер. Клиникалық көрсінісі, емі және алдын- алуы. Иммунодепрессанттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Салыстырмалы сипаттамасы. Иммунодепрессанттар- цитостатиктер. Азатиоприн, циклопарин және глюкокортикоидтардың әсерінің ерекшеліктері. Қолдану көрсеткіштері. Иммунодепрессивті емнің асқынулары (алғашқы және кейінгі). Қабынуға қарсы және иммунотропты дәрілерді қиыстырып тағайындау. Тиімді әсерлесуі, қолдану көрсеткіштері.	ОН 1,3,4	5	Презен тация қорғау	Презента ция
7	Дәріс. Фармакогенети каның және хронотерапиян ың негізгі ұстанымдары	Дәрілердің метаболизмін-дегі айырмашылықтардың негізінде фармакогенетика-лық заңдылықтарды түсіну; Нысана – мүшелердің, жасу-шалардың немесе рецептор-лардың айырмашылық-тарына қарай, олардың дәрілерге	ОН 1, 2, 4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтар ы



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 14 беті

		серпілістерінің түрлі болуы жайлы түсінік.				
	Тәжірибелік сабақ. Дәрілердің бір-бірімен әсерлесуінің сипаты мен клиникалық көріністері	Фармакокинетикалық әсерлесу. Фармакодинамикалық әсерлесу. Физиологиялық әсерлесу. Әсерлесудің күшін төмендету немесе жоғарылату тәсілдері. Дәрілердің өзара әсерлесуінің көріністерінің клиникалық сипаттамасы.	ОН 1, 4, 6	3	Кіші топтар да жұмыс	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепты шешу.
	Аралық бақылау № 1	Өтілген тақырыптар бойынша қорытынды	ОН 1, 2, 3, 6	2	Тестілеу	тест тапсырмаларын орындау
8	Дәріс. Фармакоэкономика негіздері және фармакоэпидемиология. Фармакоэкономика және денсаулық сақтаудағы бағалау технологиясы	Фармакоэкономика клиникалық фармакологияның бір бөлігі болып табылады, ол емдеу құнын және оның әсері арасындағы байланысты анықтайды, яғни. нақты клиникалық тәжірибеде дәрі-дәрмектерді пайдаланудың экономикалық талдауымен айналысады. Фармакоэпидемиология - бұл халықтың үлкен тобына есірткінің қолданылуы мен әрекеттерін зерттеу бойынша синтетикалық білім саласы.	ОН 1, 3, 4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Дәрілерді тиімді қиыстырудың ұстанымдары	Дәрілердің тиімді әсерлесуіне ықпал етуші қасиеттерін ескеру. Сіңірілудің күшеюі. Әсерінің потенцирленуі. Әсерінің синергизмі. Дәрілерді қабылдаудың режимін ескеру.	ОН 1, 4, 6	3	Кіші топтар да жұмыс	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепты шешу.



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 15 беті

	<p>ОБӨЖ. Ас қорыту жолдарының ауруларында қолданылатын дәрілерді тиімді пайдалану. Асқазан бездерінің сөлденісін төмендететін дәрілерді қолдану тәсілі. Өт айдайтын, іш жүргізетін дәрілерді қолдану тәсілі.</p>	<p>Асқазан мен ұлтабар аурулары. Жаралы емес диспепсия. Созылмалы гастрит. Созылмалы дуоденит. Этиологиясы. Клиникасы, ағымы, асқынуы. Фармакотерапияның жалпы принциптері. Антацидті, бырыстырғыш және қаптағыш дәрілер, цитопротекторлар, протонды помпа ингибиторлері, дофаминді рецепторлардың блокаторлары және асқазан ішек тонусымен перистальтикасын қалыпқа әкелетін препараттар. Фармакокинетикасы, көсеткіштері. Панкреатиттер. Этиологиясы. Клиникасы, ағымы. Фармакотерапия принциптері. Эффективтілігін бақылау әдістері. Басқа дәрілермен әсерлесуі. Жанама әсерлер. Клиникалық көрінісі, емі және алдын-алуы. Бауыр және өт шығару жолдарының аурулары. Гепатит, бауыр циррозы, өт шығару жолдарының дискинезиясы, созылмалы калькулезды және каль-кулезды емес холециститтер. Этиологиясы. Негізгі симптомдары мен синдромдары. Фармакотерапияның жалпы принциптері.</p>	<p>ОН 1,3,4</p>	<p>5</p>	<p>Презентация қорғау</p>	<p>Презентация</p>
--	--	---	-----------------	----------	---------------------------	--------------------



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 16 беті

		<p>Гепатотропты дәрілер. Дезинтоксикациялық терапиядағы дәрілер. Вирусқа қарсы дәрілер. Холеретиктер, холекинетиктер, холеспазмолитиктер, холелитолитиктер. Іш қатулар. Тітіркенген ішек синдромы. Анықтамасы. Тоқ ішектің біріншілік және екіншілік моторлы бұзылыстары. Емдеу принциптері. Іш айдайтын дәрілер, ферменттер миогенді спазмолитиктер, селективті М1-холинблокаторлар, перистальтиканы реттейтін препараттар. Әсер ету механизмі. Фармакодинамикасы және фармакокинетикасы. Эффективтілігін бақылау әдістері. Басқа дәрілермен әсерлесуі. Жанама әсерлер. Клиникалық көрінісі, емі және алдын-алуы.</p>				
9	Тәжірибелік сабақ. Персоналды емдеу	Персоналды емдеуде дәрілердің өзара әсерлесуі.	ОН 1, 4, 6	2	Кіші топтар да жұмыс	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепты шешу.
	ОБӨЖ. Бүйрек және несеп шығару жолдарының ауруларында қолданылатын дәрілерді тиімді пайдалану.	Гломерулонефрит. Этиологиясы. Симптомдары мен синдромдары. Гломерулонефрит фармакотерапиясының жалпы принциптері. Қолданатын дәрілер: глюкокортикоидтар, антиагре-ганттар,	ОН 1,3,4	5	Презентация қорғау	Презентация





Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 17 беті

	<p>Бүйрек, жүрек ауруларында және өкпе-жүрек жетімсіздігінде, эндокриндік жүйе ауруларында және басқа мүшелер мен жүйелер ауруларында диуретиктерді қолдану тәсілі.</p>	<p>антикоагулянттар, бейстероидты қабынуға қарсы дәрілер. Симптоматикалық терапиядағы дәрілер: антигипертензивті, диуретикалық және басқа препараттар. Пиелонефрит. Этиологиясы. Симптомдары мен синдромдары. Фармакотерапиясының жалпы принциптері. Антибактериалды дәрілер, фитопрепараттар. Симптоматикалық терапиядағы дәрілер – диуретиктер, гипотензивті дәрілер және жалпы қуаттандырғыш терапиядағы дәрілер. Несеп тас ауруы. Этиологиясы. Симптоматикасы. Диагностикалау әдістері. Фармакотерапиясының принциптері. Бүйрек шаншымасын басуға арналған дәрілер. Тасты ерітуге және олардың түзілуін алдын - алатын дәрілер. Антибактериалды дәрілер. Цистит. Этиологиясы, патогенезі. Симптоматикасы. Фармакотерапиясы. Антибактериалды терапиядағы дәрілер, дизуриялық жағдайларды жою, ауырсынуды жою. Эффе́ктивтілігін бақылау әдістері. Басқа дәрілермен әсерлесуі.</p>				
--	---	---	--	--	--	--

		Жанама әсерлер. Клиникалық көрінісі, емі және алдын-алуы.				
10	Дәріс. Медициналық мекемелердің жұмысында дәрілік формулярдың маңызы	Дәрілермен қамтамасыз етудің приоритеттері. Дәрілік формуляр құрудың критерийлері.	ОН 1, 3, 4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Дәрілік формулярды құру критерийлері	Медициналық мекемелердің жұмысындағы дәрілік формулярдың маңызы. Дәрілік формуляр құрудың критерийлері. Дәрілік формулярды толтыруды бақылау. Дәрілік формулярды құрудың мақсаты. ҚР-ғы формулярлық жүйені реттейтін қалыптық құжаттар. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 662 бұйрығы.	ОН 1, 4, 6	3	Кіші топтар да жұмыс	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепті шешу.
	ОБӨЖ. Қан жасау жүйесінің ауруларында қолданатын дәрілерді тиімді пайдалану. Анемияны емдеуде дәрілерді пайдаланудың тиімді тәсілі.	Темір жетіспейтін анемияда қолданылатын темір препараттарының жіктелуін және препараттарды атаңыз. Темір препараттарының фармакодинамикасы және фармакокинетикасының ерекшеліктері. Тамыр өткізгіштігінің төмендететін дәрілер. Эффективтілігін бақылау әдістері. Басқа дәрілермен әсерлесуі. Жанама әсерлер. Клиникалық көрінісі, емі	ОН 1, 4, 5	5	Презентация қорғау	Презентация



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 19 беті

		және алдын- алуы.				
11	Дәріс. Фармакобақыл ау жүйесі	Фармакобақылау - бұл жанама әсерлерді және / немесе дәрілік заттарды қолданумен байланысты кез-келген басқа ықтимал проблемаларды анықтау, бағалау, түсіну және алдын-алу бойынша қызмет.	ОН 1, 3, 4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Қазіргі заманғы фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытудың негізгі бағыттары	Қазіргі заманғы фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытудың негізгі бағыттары. Фармацевтикалық нарықты жетілдірудің негізгі бағыттары.	ОН 1, 4, 6	3	Кіші топтар да жұмыс	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепты шешу.
	ОБӨЖ. 1. Эндокринді ауруларда дәрілерді қолданудың тиімді жолы 2. Қант диабетінің түрлі нұсқаларында гипогликемиялық дәрілерді қолдану тәсілі.	1. Эндокриндік жүйе аурулары. Қалқанша безінің аурулары (гипо- және гиперфункциясы). Этиологиясы. Зат алмасудың бұзылуы. Клиникасы, ағымы. Фармакотерапиясының ұстанымдары. Эффективтілігін бақылау әдістері. Басқа дәрілермен әсерлесуі. Жанама әсерлер. Клиникалық көрінісі, емі және алдын-алуы. 2. Қант диабеті. Этиологиясы. Зат алмасудың бұзылуы. Клиникасы, ағымы. Фармакотерапия ұстанымдары. Гипогликемиялық препараттарды тиімді пайдалану: инсулин препараттары және синте-тикалық диабетке қарсы дәрілер. Қалқанша безінің аурулары (гипо- және	ОН 1,3,4	10	Презентация қорғау	Презентация



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 20 беті

		гиперфункциясы). Этиологиясы. Зат алмасудың бұзылуы. Клиникасы, ағымы. Фармакотерапиясының ұстанымдары. Эффективтілігін бақылау әдістері. Басқа дәрілермен әсерлесуі. Жанама әсерлер. Клиникалық көрінісі, емі және алдын-алуы.				
12	Тәжірибелік сабақ. Медициналық мекемелерде клиникалық фармакологияның ақпараттық қызметін құру ұстанымдары. Дәрілерді тиімді пайдаланудың сұрақтары бойынша медициналық мекемелердің дәрігерлерін оқытудың ұстанымдары.	Медициналық мекемеде клиникалық фармакологияның ақпараттық қызметін құру ұстанымдары. Компьютерлік бағдарламалар, ақпараттық жүйелермен байланыс. Дәрілерді пайдалану бойынша емдеу мекемесінің жеке мұрағатын ұйымдастыру. Ғылыми-практикалық конференция-лар өткізу. Клиникалық фармакология бойынша семинарлар өткізу. Талдаулар және басқа да оқытудың түрлерін өткізу.	ОН 1, 4, 6	2	Кіші топтар да жұмыс	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепты шешу.
	ОБӨЖ. Антибактериалды дәрілерді тиімді пайдалану. Тиімді химиотерапияның ұстанымдары.	Антибактериалды антибиотиктер. Антибиоздың биологиялық маңызы (Л.Пастер, И.И.Мечников). Антибиотиктердің әсерінің негізгі механизмі, жіктелу ұстанымдары. Резервтік және негізгі антибиотиктер туралы түсінік. Препараттардың сипаттамасы. Антибиотикотерапия	ОН 1,3,4	5	Презентация корғау	Презентация



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 21 беті

		туралы түсінік. Оған қойылатын талаптар. Антибиотиктердің әсерінің негізгі механизмі, жіктелу ұстанымдары. Эфективтілігін бақылау әдістері. Басқа дәрілермен әсерлесуі. Жанамәсерлер. Клиникалық көрінісі, емі және алдын-алуы.				
13	Дәріс. Емдеу мекемелерін фармацевтикалық қамтамасыз етуді жақсарту үшін фармацевтикалық экономика сұрақтарының маңызы. Құқықтық сұрақтар.	“Фармакоэкономика” түсінігіне анықтама. Дәрілерді тиімді пайдаланудағы фармакоэкономикалық зерттеулердің маңызы	ОН 1, 3, 4	1	Шолу	Кері байланыс Сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Дәрілік заттар және анаплацента-ұрық жүйесі	Дәрілік заттардың анаплацента-ұрық жүйесіне ісері. Дәрілерді тиімді пайдалану. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 761 бұйрығының клиникалық хаттамасы	ОН 1, 4, 6	3	Кіші топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, Ситуациялық есепті шешу.
	ОБӨЖ. Вирусқа қарсы, саңырауқұлаққа қарсы дәрілерді тиімді пайдалану. Құрттарға қарсы, қарапайымдыларға қарсы	Саңырауқұлақтарға қарсы дәрілер. Әсер ету механизмі. Әсерінің спектрі және қолдану көрсеткіштері бойынша айырмашылықтары. Жүйелі және дерматомикоздарда қолданатын дәрілер. Кандидомикоздарда және дерматомикоздарда	ОН 1, 2, 5	5	Презентация қорғау	Презентация



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

044-41/16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус) «Дәрілік заттарды тиімді қолдану» білім беру бағдарламасы

1беттің 22 беті

	дәрілерді тиімді пайдалану.	қолданатын дәрілер. Саңырауқұлақ тудырған ауруларды емдеуде иод препараттарын қолдану. Вирустарға қарсы дәрілер-дің әсер ету механизмі. Жалпы сипаттамасы. Әсер ету механизмі. Интерферондардың биологиялық маңызы және қолданылуы. Интерфероногендер (полудан). ЖИТС (СПИД) емдеуінде қолданылатын дәрілер (азидотимидин). Жанама әсерлері. Эффе́ктивтілігін бақылау әдістері. Басқа дәрілермен әсерлесуі. Жанама әсерлер. Клиникалық көрінісі, емі және алдын-алуы.				
